

**А. Балтанова, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының**  
**доценті, филология ғылымдарының кандидаты**  
**(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

## ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ҚЫРЫ

Журналистік зерттеу жүргізіп жатқан әрбір топ өз сюжетін әртүрлі жағдайларда жасайды, сондықтан этикалық ережелердің жалпыға бірдей кодексі туралы айту мүмкін емес, дегенмен жалпы қабылданған стандарттар бар. Журналистердің этикалық ережелерінен гөрі құқықтық фоны көбірек қарастырылады. Бұл жағдайда журналист не заңды сақтайды, не бұзады. Ал этикада әділеттік пен зұлымдық арасы философиялық принциптер бойынша анықталады. Кез келген шешім этикалық жағынан дұрыс шешілуі мүмкін, тек бұл қандай принципке байланысты, қай мәселе басты етіп қойылғанына байланысты болады.

Дайындалған репортажды басқаннан кім ұтатындығын ең алдымен журналистер мен редакторлар анықтауға тиіс. Егер журналистердің жұмысы демократиялық есеп беру принципін нығайтуға бағытталса, онда бұл жағдайда мынандай қоғам журналистік зерттеулерден не ұтады деген сұрақтар қою керек.

Журналистік зерттеу материалдары кімнің мүддесіне бағытталған? Заң бұзушылық пен кемшіліктерді қоғам сотына шығара отырып, журналистер өзінің әлеуметтік міндетін орындап отыр ма? Мұнда кімнің мүддесі қаралады? Кімнің құқығы бұзылады? Журналистік зерттеу мәселесі болып отырған мәселе шындығында да заңды қоғамдық мүдде бола ма? Немесе бұл қоғамдық маңызы жоқ бола тұрып біреудің жеке өміріне араласу ма?

Журналистік зерттеулер жөніндегі дау-таластардың көбісі теріс пайдаланушылықты, яғни өзінің қызмет орнын пайдаланып қиянат жасауды анықтау үшін қолданылатын әдістердің

бәрі де жақсы ма деген сұраққа келіп тіреледі. Шындықты жазуға ниет қылған журналистің біреуді алдауы мүмкін бе? Жаңалық қуған журналистің басына түскен қиыншылықтарына қарамастан қолданған осы әдістері өздерін ақтай ма? Тележурналистер репортаж дайындау барысында жасырын камераларды пайдаланғаны дұрыс па? Ақпаратқа қол жеткізу мақсатында жалған, жеке бастың куәліктерін пайдалану керек пе?

Бұл жерде журналистерге қарағанда жұртшылықтың қызмет орнын теріс пайдаланушылықтар мен жөнсіздіктерді анықтау үшін барлық әдістер жақсы деген пікірге қосыла алмайтынын айта кеткен жөн. Сауалдар мен зерттеулер азаматтардың өздерінің жеке өміріне журналистердің қол сұғуынан қорқатынын көрсетеді. Бұл жерде журналистер жүргізіп жатқан сюжеттің өзектілігі маңызды емес. Жалпы алғанда, адамдар журналистердің өз репортаждарын дайындау барысында кез келген әдісті пайдалануын құптамайды. Бұл көрсеткіш қазіргі таңда көптеген елде баспасөзге деген сенімнің жоғалғанын көрсетеді. «Баспасөз жұрттың сеніміне ие болуы керек. Сенім — баспаның негізгі құралы болуы керек, алайда баспаның өз-өзіне деген сенімді жиі жоғалтып алады. Сондықтан журналистердің ақпарат үшін не нәрседен тайынбайтыны — назар аударатын мәселе»<sup>1</sup>. Күмән тудыратын әдістер мен ақпараттар жинау арқылы әшкерелеу репортаждары қоғам заңдары мен журналистердің және журналистиканың қоғамдық мәртебесіне тек нұқсан келтіреді.

Этика проблемалары әдістермен ғана шектелмейді. Сыбайлас жемқорлық журналистік зерттеулер аясындағы тағы бір маңызды этикалық проблема болып табылады. Жиналған ақпараттың жариялануының мүддесін және азаматтарға түсетін зиянды да ескерген жөн. Құпиялықты сақтау проблемасы, әдетте, бірінші орынға шығады, себебі зерттеу жүргізуші журналист құпияға арналған құқық пен ақпаратқа арналған қоғамдық құқық арасындағы тепе-теңдікті сақтауы керек. Құпиялық принципін мемлекет және қоғам қайраткерлеріне қатардағы азаматтарға қарағанда басқаша қолдану керек деген пікір де бар.

Этикалық сипаттағы сұрақтарға қарапайым және дайын жауаптар жоқ. Өмірдің бар саласына этика кодекстерінің жарамды, нақты шешімдері болмайды. Көптеген талдаушы журналистердің әділдік, тепе-теңділік сақтау және нақтылық сияқты ұғымдарды ұмытпауы жөн деп санайды. «Журналистер зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мәселенің этикалық жағын естен шығармай, өздері қабылдаған шешімдерді редакторлар, әріптестері мен жұртшылық алдында негіздей білуі керек. Олар өздерінің репортаждарында кімнің мүддесін қозғайтынын түсініп, жұмысында кәсіби стандарттарды басшылыққа алғаны дұрыс»<sup>2</sup>.

Басқарудың демократиялық жүйесін нығайтуға септігін тигізетіндіктен журналистік зерттеулер қажет. Олардың рөлі баспасөздің, басқа да ақпарат құралдарының «төртінші билік» деп аталатын моделіне кіреді. Жоғарыда келтірілген мысалдар қай елдің болмасын саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларындағы хал-ахуалды, журналистердің қатысуымен ашылған қоғамдағы кереғар құбылыстарды, сыбайлас жемқорлықтарды көрсетеді.

Журналистік зерттеулер жанрының нығаюына демократиялық өкіметтердің бірігуі, экономика және бұқаралық ақпарат құралдарындағы маңызды өзгерістер, нақты қызмет орнын пайдаланушылықты анықтаумен арнайы айналысатын басылымдардың болуы, сондай-ақ БАҚ және әкімшілік органдар арасындағы тайталастар мен басқа да факторлар әсер етеді.

Қорыта келгенде, отандық журналистиканың журналистік зерттеу саласында кемшіліктері жетерлік. Себебі бұл салада маманданған журналистер жоқтың қасы, оның үстіне зерттеумен айналысатын журналистердің құқығын қорғайтын бізде әлі заң қабылданбаған. Ал шын мәнінде, ашық қоғам мен демократияны дамытуда журналистік зерттеу жанрының маңызы зор.

<sup>1</sup> Ақпаратты іздеу барысындағы журналист. Журналистика және заң сериясы. — М., 2001. — 56-б.

<sup>2</sup> БАҚ пен журналистерге арналған құқықтық нұсқаулық. Аймақтық журналистиканы қолдау орталығы. — Қарағанды, 2003. — 14-б.